

Н. Бейбітхан,
мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасының
оқытушысы, полиция аға лейтенанты
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)

ИНТЕРАКТИВТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 11-бабының 9-тармағында оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кәсіптік білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттеріне тез бейімделуіне ықпал ететін кредиттік, қашықтан оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану міндеті қойылған.

«Халықаралық тәжірибелерге сүйіне отырып, қазақ тілін оқытудың қазіргі заманғы озық бағдарламалары мен әдістерін әзірлеп, енгізу қажет. Мемлекеттік тілді тиімді меңгерудің ең үздік, инновациялық әдістемелік, тәжірибелік оқу құралдарын, аудио-бейнематериалдарын әзірлеу керек», — деген болатын Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы өзінің Қазақстан халқына арналған жолдауында.

Ұстаз үшін ең негізгі мақсат — әр сабақты тартымды, тиімді, түсінікті етіп өткізу. Оны жүзеге асырудың бір жолы — заман талабына сай ақпаратты технологияларды қолдану.

Әдіс — оқу-тәрбие жұмыстарының алдында тұрған міндеттерді дұрыс орындау үшін мұғалім мен оқушылардың бірлесіп жұмыс істеу үшін қолданатын тәсілдері. Әдіс арқылы мақсатқа жету үшін істелетін жұмыстар ретке келтіріледі. Оқыту әдістері танымға қызығушылық туғызып, оқушының ақыл-ойын дамытады, ізденуге, жаңа білімді түсінуге ықпал етеді. Оқытуда ең басты нәрсе — тыңдаушылардың танымдық жұмыстары. Оқыту әдістері ең анық фактілерді білуді қамтамасыз етеді, теория мен тәжірибенің арасын жақындатады.

Тәсіл — оқыту әдісінің элементі. Жоспарды хабарлау, тыңдаушылардың зейінін сабаққа аудару, оқушылардың мұғалім көрсеткен іс-қимылдарды қайталауы, ақыл-ой жұмыстары тәсілге жатады. Тәсіл оқу материалын түсінуге үлес қосады.

Оқыту тәсілдерінің түрлері:

- ой, зейін, ес, қабылдау, қиялды жақсарту тәсілдері;
- мәселелі жағдаят тудыруға көмектесетін тәсілдер;
- тыңдаушылардың сезімдеріне әсер ететін тәсілдер;
- жеке тыңдаушылар арасындағы қарым-қатынасты басқару тәсілдері.

Инновациялық әдістердің ең негізгісінің бірі — «интерактивті оқыту әдісі». Бұл әдістің негізгі қағидасы — педагогикалық қарым-қатынас пен қарым-қатынас диалогі арқылы жеке тұлғаны қалыптастырып дамыту.

Интерактивті оқыту — бұл, ең алдымен тыңдаушы мен мұғалімнің қарым-қатынасы тікелей жүзеге асатын сұхбаттасып оқыту болып табылады.

Интерактивті оқытудың мәнісі — оқу аудиториясындағы барлық тыңдаушы таным үрдісімен қамтылады, олар өздерінің білетін және ойлайтын нәрселері арқылы түсінуге және қарсы әсер етуге мүмкіндік алады. Таным үрдісінде, оқу материалын игеруде, тыңдаушылардың біріккен әрекеттері мынаны білдіреді: әр тыңдаушы өзіне тән еңбегін сіңіреді, білім, идея, әрекет ету тәсілдерімен алмасу үздіксіз жүреді. Сонымен қатар, бұл үрдіс мейірімділік пен өзара бір-біріне қолдау көрсету аясында болады.

Интерактивті әдіс қолдану кезінде мыналар ескерілуі керек:

- тұлғаның еркіндігі мен құқықтары сақталуы;
- тұлғаның өзін көрсете алуына жағдай жасау;
- педагогикалық қолдау көрсету.

Интерактивті әдістерге мыналар жатады: проблемалық шығарма әдістері, презентациялар, пікірталастар, топпен жұмыс, «миға шабуыл» әдісі, сын тұрғысынан ойлау әдісі, зерттеулер, іскерлік ойындар, рөлдік ойындар, «инсерт» әдісі, сахналау, тест сынағы әдісі, дебат т. б.

Интерактивті әдіске сондай-ақ әртүрлі көмекші құралдарды: тақта, кітаптар, бейне материалдар, слайдтар, флипчарттар, постерлер, компьютерлер және т. б. пайдалана отырып, таныстырулар жатады.

«Миға шабуыл» («ми шабуылы», «ми штурмы» немесе «дельфи») әдісі бойынша берілген сұраққа әр оқушы жауап бере алады. Маңыздысы — айтылған көзқарасқа баға қоймау керек, барлық жауап қабылданады және әр пікір тақтаға немесе қағазға жазылғаны дұрыс. Қатысушылар олардан негіздеме немесе түсініктеме талап етілмейтінін түсінулері тиіс. Бұл әдісті кері байланыс алу үшін қолдануға болады. Сабақтарында интерактивті оқыту әдістерін қолдану төмендегідей нәтижелерге жеткізеді:

- тыңдаушылардың тіл байлығын дамытады;
- көркем шығармаларды оқуға деген қызығушылығы артады;
- көркем шығармаларды түсінеді;
- тыңдаушылар өз ойын еркін жеткізе алады;
- тыңдаушылардың жан-жақты ізденуіне мүмкіндік болады.

Интерактивті оқыту тәсілдерін қолдану тыңдаушыларды мәселені бірігіп шешуге үйретеді. Ал бірігіп жұмыс істеу — әрі жеңіл, әрі тиімді. Тыңдаушылар бірлесіп үйренуде шағын топтармен, жұппен жұмыс жасауға қалыптасады, ортақ мәселелерді талқылағанда жаңа пікірлерге шығармашылықпен қарауға төселеді, жаңалықтар ашу барысында жұмыс істейді. Топ мүшелері өз ойларын ортаға салып, кесте арқылы көрсетеді. Ойларын дәл, дұрыс қорғап шығуға күш салады. Бірлесіп жұмыс жасауды ұйымдастырғанда мына жайларды: басқаны тыңдай білу, қажет жерінде ғана кірісіп сөйлеп кету, сыйластық, жауапкершілік сияқты дағдыларды қалыптастыру керектігін еске ұстау керек. Оқытудың бұл әдісінің берері: оқушы белсенді болады, пәнге деген қызығушылығы оянады, топ мүшелерімен қарым-қатынасы жақсартады.

Интерактивті оқыту тәсілдерін қолдану тыңдаушылар шығармашылығын арттыруда ең қуатты ынталандыру құралы болып табылады. Ол үшін сабақ құрылымы әртүрлі оқу әдістері мен ұстаздың дайындығы, ізденісі жоғары болуы керек.

Сабақтарда интерактивті тақтаның мүмкіндіктерін қолдана отырып, төмендегі нәтижелерге қол жеткізуге болады:

- уақыт үнемделеді;
- сабақтың сапасы көтеріледі;
- оқу әдісі мен құралдарын таңдауға мүмкіндік туады;
- оқушылардың белсенділігі мен қызығушылығы арттады, сондықтан оқу үлгерімі көтеріледі.

Ойын — оқыту әдісі. Оқыту мақсатында қолданылатын ойындардың түрлері көп. Ойын — қанағат алу үшін жасалатын іс-әрекет. Ол мектеп жасына дейінгі балалардың іс-әрекетінің негізгі түрі, ал оқушылар мен ересектер ойынды сабақтан және жұмыстан қолы бос кездерінде ойнайды. Бірақ оқуда да, еңбекте де ойын элементтерін қолдануға болады. Ойын туралы көптеген теориялар бар. Солардың бірін алғаш рет жасаған Ф. Врубель. Ол ойын арқылы бала өзін-өзі көрсеткісі келеді дейді. М. Лазарус жұмыстан кейін демалу теориясын, Г. Спенсер ойын арқылы денедегі артық энергияны шығару, К. Крус тіршілік үшін күреске әзірлеу ойындарының, С. Л. Рубинштейн еңбекке дайындайтын ойындарының теорияларын жасады. Ойын туралы қазіргі көзқарастар оның көптеген қызметін анықтап отыр. Ол баланың қажеттіліктерін, қызығушылықтарын қанағаттандырып, оның өмірге бейімделуін жеңілдетеді (Д. Б. Эльконин), болмысты тануға көмектеседі. Ойын арқылы бала білім алады, тәрбиеленеді, қоғамды құрметтеуге үйренеді, ынтымақтасып жұмыс істеуге дағдыланып, ұтылуға емес, ұтуға тырысады. Тыңдаушылар өмірден алынған оқиғаларды сахнаға лайықтап қойып, өздері түрлі рөлдерде ойнайды. Ғалымдар зерттеуі іскерлік ойындардың тыңдаушылардың оқу үлгеріміне жақсы әсер ететін дәлелдеп отыр. Іскерлік ойындар оқытудың тиімді, үнемді, негізгі әдістерінің бірі. Олар оқушыны қысым жасамай оқытуға мүмкіндік береді, тыңдаушының оқиғаны терең толғаныстармен түсінуіне себепші болады.

Оқыту барысында оның әртүрлі жақтарын қамтамасыз ететіндей бір мезетте бірнеше технология қолдану керектігіне мұғалім назар аударуы тиіс. Бұл оқыту тәсілі әртүрлі технологиямен жан-жақты қамтылуды талап етеді, сонда технология педагогикалық тұрғыда әсерлі болмақ.